# «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС

**Бас директордың**
**2020 жылдың 1-жартыжылдығының**
**жұмыс қорытындысы бойынша**
**еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі**

**Ақтау, тамыз 2020 ж.**

ҚазМұнайТеңіз

# 2020 жылдың 1-жартыжылдығындағы маңызды оқиғалары

- 2020 жылдың ақпанында ҚР Энергетика министрлігі «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жөніндегі жол картасын бекітті.
- ҚР Энергетика Министрінің 16.06.2020ж. №235 бұйрығымен «Жемчужины» жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы 14.12.2005ж. №1920 келісім бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жұмыстарын қабылдау жөнінде комиссия құрылды.
- Құзыретті орган 2020 жылдың наурыз айында «Құрманғазы» жобасы бойынша ӨБК-ге толықтыруларға қол қою жөніндегі жол картасын бекітті.

# Жемчужины жобасы

- «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстары ҚР ЭМ 2020 жылдың ақпан айында бекіткен Жол картасына сәйкес жасалған кестеге сәйкес орындалады.

- 2020 жылдың 31 наурызында «Жемчужины» жобасы бойынша Операциялық комитет Оператор және Консорциум арасындағы №С02777 шартты бекіту туралы шешім қабылдады, оның қатысушылары «КазНИГРИ» және «Номад Эко» ЖШС («Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару қызметтерін көрсету жөніндегі мердігер) болып табылады.

- 2020 жылдың 1-жартыжылдығы үшін Жемчужины ЖЖББ орындалысы 137,3 млн. теңгені (жоспарда 618,3 млн. теңге), яғни 22 % құрады. «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстарының басым бөлігін 2020 жылдың маусымында аяқтау жоспарланғанмен, аталған жұмыстар КОВИД-19 пандемиясына байланысты 2020 жылдың шілде-тамыз айларында аяқталатын болады.

- Жыл сайын жобаның жылдық бюджетінің 1% көлемінде Серіктестердің және Оператордың қызметкерлерін оқытуды қаржыландыру жүргізіледі. 2020 жылға жоспар 51 мың АҚШ долларын, ал оның нақты орындалуы 18,5 АҚШ долларын немесе 36% құрады, жыл аяғына дейін толық көлемде орындалуы күтіліп отыр. Бұл қаражат «Жемчужины» жобасына жұмылдырылған Оператор мен Серіктестердің қызметкерлерін оқыту үшін бөлінген.

- «Бейнеу селосындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің жанындағы бөлек тұратын оқу корпусының құрылысы» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру міндеттемесі қабылданды;

# Құрманғазы жобасы

- 2018 жылдың 9 қарашасында Қазақстан мен Ресейдің 2019-2021 жылдардағы бірлескен іс-қимыл жоспарына (Жоспар) сәйкес 2019-2021 жылдар аралығында «Құрманғазы» құрылымы бойынша ӨБК-на өзгерту енгізуді қамтамасыз ету көзделді. Соған байланысты:

➢ 21.01.2019ж. Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасары ҚР Сыртқы істер министрлігінің атына Жоспарды орындау туралы ақпараттарды жарты жылда бір рет, 20 мамырға дейін және 20 қарашаға дейін беруді тапсырды.

➢ 19.06.2019ж. Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасарының тапсырмасына сәйкес 2019 жылғы 21 қаңтардағы тапсырма аясында жұмысты жалғастыру көзделген.

➢ Үстіміздегі жылдың 19 мамырында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша Жоспардың 9-тармағының орындалуы туралы ақпарат берілді.

- Құзыретті орган бекіткен «Құрманғазы» жобасы бойынша ӨБК-ге қол қою жөніндегі жол картасына сәйкес, жобалық құжаттарға қол қою наурыз-сәуір айларына жоспарланған болатын. Алайда РНЭ тарапынан келіспеушіліктер болғандықтан, сонымен бірге елде төтенше жағдай мен карантиндік режимнің енгізілуіне байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде ҚМГ-ның корпоративтік шешімдерді осы жылдың 2-жартыжылдығында қабылдауы жоспарланып отыр.

- ҚМГ, «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ және ҚР Энергетика министрлігі 2020 жылдың 28 ақпанында және 3 наурызында талқылау нәтижелері бойынша алынған ескертулерді/пікірлерді ескере отырып, ӨБК-ге Толықтыру жобасын қарау үстінде.

- Оператордың 2020 жылға арналған бюджеті 1 507 890 АҚШ доллары құрайтын жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджетін орындау есептік кезең ішінде жоспар бойынша 728 067 АҚШ долларын, нақты орындалуы 197 303 АҚШ долларын немесе 27% құрады.

- ӨБК-ге сәйкес, қазақстандық мамандарды 1 млн АҚШ доллары сомасында оқыту міндеттемесі 41 396 АҚШ доллары сомасында орындалды, жоспар бойынша 500 000 АҚШ доллары болды, соның ішінде:
  - ✓ Оператордың қызметкерлерін оқыту – 0 АҚШ доллары;
  - ✓ Мердігердің (РНЭ) қызметкерлерін оқыту – 0 АҚШ доллары;
  - ✓ Мердігердің байланысты тұлғаларының қызметкерлерін оқыту (КМГ) – – 0 АҚШ доллары;
  - ✓ Қазақстандық студенттерді оқыту– 41 396 АҚШ доллары.



ҚазМұнайТеңіз

# Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімгерлікпен басқару

Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімді басқару шарттарының талаптарына сәйкес өндірістің үздіксіз жұмыс істеуін, өндірістік объектілер мен жабдықтардың сақталуын, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер орындалуда.

Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларына сәйкес 2020 жылдың 13 ақпанында ҚМТ-ның Ақтау қаласындағы филиалының директоры 2019 жылдың қорытындысы бойынша Толқын, Боранқұл кен орындарында еңбек ұжымымен есептік кездесу өткізді.

Коронавирус инфекциясы (COVID-19) пандемиясына байланысты елде Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, сонымен бірге ҚМТ филиалы объектілерінде коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін өзін-өзі оқшаулау және карантин жағдайында қауіпсіздікті сақтау мақсатында жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларына сәйкес кездесу 2020 жылдың 21 тамызына жоспарланып отыр және ол қашықтық режимінде өтетін болады.

**Мұнай, газ және конденсат өндірудің негізгі көрсеткіштері**

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2019 жыл факт | 2020 жылға жоспар | 2020 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | план | факт | % |
| Мұнай | мың т | 118,35 | 127,10 | 61,88 | 51,13 | 83% |
| Конденсат | мың т | 7,43 | 11,04 | 5,60 | 3,55 | 63% |
| Газ | млн. м³ | 106,57 | 145,75 | 68,68 | 43,29 | 63% |

ҚМТ филиалы қызметкерлерінің жалпы саны мынаны құрайды:
Бекітілгені -724 адам
Нақты - 626 адам



ҚазМұнайТеңіз

# 2020 жылдың 1-ж/ж. бойынша ҚМТ қаржы көрсеткіштерінің орындалуы

Кіріс, млн. теңге




Шығыс, млн. теңге




## Кіріс және шығыс туралы есеп, млн.тг

| Показатели | за 1 полуг.2020г. План | за 1 полуг.2020г. Факт | Процент исполнения плана |
|---|---|---|---|
| Доходы, всего | 790 | 411 | 52% |
| Расходы, всего, в том числе: | 1 320 | 946 | 72% |
| Расходы по корпортивному налогу | 265 | | |
| Чистый доход (убыток) | - 795 | - 535 | 33% |
| **Капитальные вложения** | **151** | **58** | **38%** |
| КВЛ по проекту «Курмангазы» | 151 | 58 | 38% |
| КВЛ административного характера | - | - | |



ҚазМұнайТеңіз

# ҚМТ-ның Ақтау қаласындағы филиалы бойынша 2020 жылдың 1-жартыжылдығында қаржы көрсеткіштерінің орындалуы

## КІРІС, млн., теңге




## ШЫҒЫС, млн., теңге




## Кіріс және шығыс туралы есеп

мың теңге

| Көрсеткіштер | 2020ж. 1-жартыжылдығы | | Орындалу % |
|---|---|---|---|
| | Бекітілген жоспар | Факт | |
| **КІРІС** | **9 043 653** | **7 553 116** | **84%** |
| **ШЫҒЫС** | **8 508 239** | **6 942 666** | **82%** |
| **ТАЗА ПАЙДА (ШЫҒЫН)** | **535 414** | **299 921** | **56%** |
| **КАПИТАЛДЫҚ САЛЫМДАР** | **1 687 709** | **7 870** | **1%** |
| Өндіріске капиталдық салымдар | 1 687 620 | 7 870 | 1% |
| Әлеуметтік және бейөндірістік сипаттағы капиталдық салымдар | 89 | 0 | 0% |



ҚазМұнайТеңіз

# Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

- 2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ-да, ҚМТ филиалында және опарторлық компанияларда жазатайым оқиғалар, өрт, апаттық зиянды шығарылымдар тіркелген жоқ.
- ҚМТ құрылған күннен бастап апатсыз және оқиғаларсыз **7 232** күн жұмыс істеді;
- Есептік кезең ішінде ҚМТ-ның дағдарыс жағдайларын басқару тобы пандемия және соған байланысты шешім қабылдау мәселелері қаралған 4 отырыс өткізді. ҚМТ филиалының дағдарыс жағдайларын басқару командасы (ДЖБК) коронавирус инфекциясының таралуына қарсы алдын алу және карантиндік шараларды жүзеге асыру жұмыстарын жүргізді.
- 2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ филиалында апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз нақты 558 764 адам/сағат жұмыс істелді.
- ҚМТ филиалының тұрақты жұмыс комиссиясы 2020 жылдың 1-жартыжылдығында «Толқын» және «Боранқұл» кен орындарындағы өндірістік объектілерге 2 жоспарлы тексеру жүргізді.
- Қауіпсіздік мінез-құлқын бақылау дағдыларын дамыту бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстардың барлығы бекітілген кестеге сәйкес орындалды.
- Орталық аппаратта жоспар бойынша 15 бақылау болса, іс жүзінде 15 бақылау жүргізілді.
- ҚМТ филиалында 249 бақылау жүргізілді (жоспарда 242 бақылау).

# Ішкі коммуникациялар

ҚМТ-да ішкі коммуникациялардың мынадай түрлері қолданылады:

- **Ұйымдастырушылық**:

1) Бас директордың еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі;
2) линиялық басшының құрылымдық бөлімше қызметкерлерімен кездесуі;
3) жедел шешім қабылдауды қажет ететін мәселелерді талқылау мақсатында басшылықтың еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесулері;
4) Бас директордың жеке сұрақтар бойынша қызметкерлерді қабылдауы.

- **Ақпараттық**:

1) Бас директордың блогы;
2) ақпараттық стенд.

- **Аналитикалық**:

1) Қызметкерлердің ұсыныстарына арналған жәшік;
2) сауалнама жүргізу.

- **Коммуникативтік** (ұжымды шоғырландыру):кәсі птік конкурстар, спорттық шаралар, корпоративтік мерекелер, бірігіп табиғат аясына шығу, т.б.
- **Кәсіптік одақтармен консультациялар:**

ҚМТ-да тоқсанына бір рет басшылық ұйымның кәсіподағымен неғұрлым өзекті мәселелер бойынша (мысалы, ұжымдық шартты орындау, еңбек тәртібінің жай-күйі, еңбек ұжымының өтініштерін қарау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беру және ұйымда басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер жөнінде) кездесу өткізеді.

Кездесу қорытындылары бойынша тиісті хаттамалар мен іс-шаралар жоспары жасалып, одан әрі сұраныс бойынша хаттамалардың көшірмелері ҚМГ-ға жіберіледі.

# Әлеуметтік міндеттемелер

- **Әлеуметтік қолдау**. ҚМТ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары қолданысқа енгізілген. Сондай-ақ 2016 жылдың 21 шілдесінде ҚМТ мен «ҚМТ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі арасында жасалған ҚМТ Ұжымдық шарты қолданылады.

- **Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру**. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тапсырмасына сәйкес қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру оңтайландырылды.

# Кадрлардың қозғалысы

2020 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚМТ-дан жұмыстан босатылған адам болған жоқ. Осы кезеңде кадрлардың қозғалысы 0% құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында Төтенше жағдай енгізу туралы» 15.03.2020ж. №285 Жарлығының негізінде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстан Республикасында Төтенше жағдай жариялануына байланысты ҚМТ қызметкерлері дистанциялық жұмыс формасына ауыстырылды.

| **Саны** | **Жылдар** | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 01.01.14 | 01.01.15 | 01.01.16 | 31.12.17 | 31.01.18 | 31.12.19 | 30.06.20 |
| Штат саны | 102 | 85 | 50 | 18 | 18 | 18 | 18 |
| Нақты саны | 94 | 69 | 42 | 18 | 17* | 17* | 18 |

ҚазМұнайТеңіз

# 2020 жылдың 1-жартыжылдығында құжат айналымында мемлекеттік тілді қолдану, сапа менеджменті және тәуекелдер жүйесінің қызметі

| Кіріс құжаттардың жалпы саны | Соның ішінде мемлекеттік тілде | Пайыздық көрсеткіш | Шығыс құжаттардың жалпы саны | Соның ішінде мемлекеттік тілде | Пайыздық көрсеткіш | Ішкі құжаттардың жалпы саны | Соның ішінде мемлекеттік тілде | Пайыздық көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 850 | 629 | 74% | 538 | 454 | 84,4% | 283 | 212 | 75% |

- Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын орындау бойынша жұмыстар жүргізіледі.
- 2020 жылға арналған бекітілген тәуекелдер регистрі шеңберінде қызметкерлер үшін жеке қорғану құралдарын сатып алу, коронавирус індетіне байланысты оларды қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, сондай-ақ бухгалтердің біліктілігін арттыру, пайыздық мөлшерлемелерге мониторинг жасау тәрізді тиісті шаралар жүзеге асырылды. 2020 жылға арналған тәуекелдер тіркелімі ҚМТ Бақылаушы кеңесінің 06.12.2019ж.№ 21 шешімімен бекітілген.
- Қазіргі уақытта ҚМТ біріктірілген басқару жүйесі ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының жаңа нұсқалары бойынша сертификатталған. Бұл сертификат 21.08.2018ж. бастап 11.03.2021 жылға дейін жарамды. Сертификаттың тіркеу нөмірі:
  - ✓ TIC 15 100 74377
  - ✓ TIC 15 104 7430
  - ✓ TIC 15 116 7057
- 2019 жылы ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттар талаптарын сәйкестігіне алғашқы бақылау аудиті сәтті өткізілді. Сертификаттау TIC аудиттеу және сертификаттау процедурасына сәйкес жүргізіледі

# ҚМТ тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жылдық жоспарының орындалуы

## 2020 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша, мың теңге:

| ТЖҚ атауы | Жоспар | Нақты | Үнемдеу |
|---|---|---|---|
| Тауарлар | 701 329,32 | 539 224,78 | 162 104,54 |
| Жұмыстар | 1 314 610,07 | 678 465,97 | 636 144,10 |
| Қызметтер | 3 615 066,45 | 3 207 729,54 | 407 336,90 |
| БАРЛЫҒЫ | **5 631 005,84** | **4 425 420,29** | **1 205 585,55** |

***ҚМТ ТЖҚ сатып алу жоспары 2020 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша 90,4% құрады.***

***2020 жылдың 1-ж/ж. «Қарапайым заттар экономикасы» тауарларын сатып алу үлесі 100% құрады.***

## Тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту үлесі:

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2020 ж. 1-жартыжылдығы |
|---|---|---|
| Тауарлар | % | 53 |
| Жұмыстар мен қызметтер | % | 88 |

***Есептік кезеңде Ақтау қаласындағы ҚМТ филиалы Қордың ТЖҚ сатып алу ережелерін бұзуға жол бергені үшін Қордың 2 нұсқамасын алды.***

# 2020 жылдың 2-жартыжылдығындағы міндеттер

**Жемчужины жобасы бойынша**

- «Жемчужины» келісімшарттық аумағындағы жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісіне қол қою.
- «Жемчужины» келісімшарттық аумағын ерікті түрде қайтару бойынша Жол картасы шеңберінде «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстарын аяқтау.

**Құрманғазы жобасы бойынша**

- «Құрманғазы» жобасы бойынша Серіктестіктің Өндірістік бағдарламасын және ЖЖЖБ-ны орындау.
- Жоба бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын ҚМТ-дан ҚМГ пайдасына беру жөнінде ҚМГ мен ҚР ЭМ-нің корпоративтік шешімдерді қабылдауы.
- ҚМГ Басқармасының 2018 жылғы 15 қарашадағы (№47 хаттама) шешімімен бекітілген «ҚМТ-ны тарату жөніндегі жол картасына» сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығын беру көзделген ӨБК-ге Толықтыруға қол қою.

**Толқын және Боранқұл кен орындары бойынша (СБШ/ДДУ)**

- «Толқын» және «Боранқұл» кен орындарын сенімгерлікпен басқару шартының талаптарын сақтай отырып жұмыстарды орындау.
- Ақтау қаласындағы ҚМТ филиалының 2020 жылға түзетілген ЖЖББ-ны бекітуді қамтамасыз ету және көзделген көрсеткіштерді орындау:
  - мұнай өндіру– 55,17 мың т.,
  - конденсат өндіру – 2,238 мың т.
  - газ өндіру – 36,590 млн.м3.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудиті қызметінің аудиті бойынша**

«ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС ұсыныстарын орындау пост-аудиті жөніндегі есепте» қарастырылған іс-шараларды орындауды аяқтау.